

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**БІЛІМ ЖОЛЫ  
НҰРЛЫ ЖОЛ**



*Білім беретін, ғылыми, танылдық, жарнамалық басылым*



**S00022**

**12.09.2020**

**2**

**0**

**2**

**0**

**БЕКГАЛЫЕВА САНТАЙ  
ХУДАЙБЕРДИЕВНА**

*Манғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы*

*«Тенге бөбекжай-бақшасы» МКҚК*

*Лауазымы: Тәрбиеші*

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

12.09.2020 жыл | № S00022

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың  
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Күәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2019 жыл Телефон: 8 777 055 0590

*Манғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы «Тенге бөбекжай-бақшасы» МКҚК  
Тәрбиеші Бекгалыева Сантай Худайбердиевна*

**Тақырыбы:** «Күз сыйы»

**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы, білімдерін бекіту. Табиғат әсемділігін эстетикалық түрде сезіне алады.

Күз көрінісін ән, би, ойын арқылы сипаттайды және жұмбақ, өлең арқылы байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыта алады.

Табиғатқа сүйіспеншілігін тәрбиелеу, қорғау, аялау сезімдерін қалыптастыру.

Залды безендіру: сахнаның ортасында жапырақтар тігілген түрлі түсті маталар, шарлар, залға ілінген күзгі жапырақтар.

Көрнекіліктер: жемістер, көкөністер муляжы

**Кейіпкерлер:** Күз аруы

Ортаға үш бала шығады:

1. **Арай:**

Қуаныштың ағайын  
Қоңырауын қағайын  
Қуандырып біздерді  
Өлкемізге күз келді.

2. **Нұрфаяз:**

Айнала сары ала  
Қырманға дән тола  
Жемістер пісіпті  
Қоймаға түсіпті

3. **Жандарбек:**

Ендеше не тұрыс  
Болмасын жан қалыс  
тойлайық , күлейік  
Қуанып билейік

**Жүргізуші:** Жарайсындар балалар , орнымызға барамыз.

Саламатсыздар ма құрметті қонақтар!Сіздерді күзгі мерекесімен құттықтаймыз.Күз мерекесі мол қазына , ырыс алып келсін – дей отырып бүгінгі № 9 «Жасұлан» ересек тобының «Күз сыйы» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер.

Ендеше № 9 «Жасұлан» ересек топ бүлдіршіндерін қарсы алайық.

**жүргізуші:** Бұлттар төгіп жерге шөгіп

Дымқыл тұман басады.

Шөп сарғайып өңі тайып

Дала сұры қашады.

Бой жаза алмай , ойнай алмай

Денең мұздап тоңады.

Айтыңдаршы канекей

Бұл қай кезде болады? (Күз мезгілінде)

**Жүргізуші:** Ал, балалар балалар  
Енді бері қараңдар  
Сендерді бір көрмекші  
Әуелі жұмбақ жасырам  
Құлығымды асырам  
Таба алсаңдар шешімін.  
Қонағымды ортаға шақырамын.

Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін  
Бұл күндері киіпті, сары жібек көйлегін.  
Бұл не балақайлар. (Күз)

-Жарайсыңдар балалар енді ортаға күз ханшайымын қарсы аламыз.

**Күз ханшайымы:** Сәлем менің достарым  
Өмірге көп қосқаным  
Күз сыйлығын алыңыздар  
Сыйлығына қаныңыздар  
Молшылыққа кенеліп  
Шаттық әнге салыңыздар.

**Жүргізуші:** Келді міне алтын күз  
Сары шашты жарқын күз  
Мол өнімді ісімен  
Таңдандырып халқын күз  
Хош келдіңіз Алтын күз

бүгін біздің бүлдіршіндер сізге арнап ән , тақпақ билерін әзірлеп қойған еді.

**Күз ханшайымы:** Жарайды.

**Жүргізуші:** Қызыл , жасыл , сары алтындай  
жапырақтар күздің көркі  
Ойланып толғанайық.

Күз туралы әнге елтіп – дей отырып күз туралы әнге кезеек береміз.

**Ән: «Күз жомарт»**

енді кезекті тақпақтарға береміз.

тақпақтар:

**Адай:** Күзім, күзім, күзім  
Пісті алма, жүзім  
Тұрғанда бәрін күз беріп  
Кел алайық, біз теріп.

**Айбек :** Мерейлі күз, мырза күз,  
Сыйлығыңа ризамыз.  
Аппақ арай таңымызда  
Шомыламыз нұрға біз.

**Нұржігіт:** Күз мезгілі қамбаға  
Қауын, қарбыз толады.  
Біздің ауыл жайлауда  
Күздеуге кеп қонады.

**Иманғали:** Алтын, алтын сары алтын

Алтын күзде нұр жатыр

Ақ бидайды оратын

Алақай –ау күн жақын.

**Жүргізуші:** Тентек жел шашып кетіпті.

Жапырақтарды сан алуан

Тезірек жинап алайық

Кане , кане кім жылдам

**Ойын :** «Кім жылдам»

**Ойын шарты:** Сары түсті жапырақтарды жинап себетке салу.

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар балалар

Күз ханшайымы: мен өзіммеен бірге жемістерімді алып келіп едім.

**Әнес :** Мен алмамын, алмамын

Тандандырар бал дәмін

Пісіп толдым мінекей

Баптап мені бағбаным

**Жансая :** Мен - өрікпін , өрікпін

Дәммімен тәтті еліттім

Сүйіктімін сәбилерге

Айтпасам да бөліп тым

**Алинұр:** Мен – шиемін , шиемін.

Күннің көзін сүйемін

Қажеттімін адамға

Оны жақсы білемін

**Каусар:** Мен қиярмын сәндімін

Салаттардың сәнімін.

Дәруменім көп менің

Жегенге қуат сыйлаймын.

**Жүргізуші:** ендігі кезекті балаларымыздың биіне береміз.

Би: «Вальс»

**Жүргізуші:** Ендігі кезекті тақпақтарға береміз.

**Аяулым:** О, алақай тамаша

Шашу шашты жапырақ

Бақтың іші алаша

Алуан түрлі жапырақ

**Маншук :** Қуандырып біздерді

Мерекелі күз келді

Кел, жемісті Алтын күз

Кемелденсін халқымыз

**Ерканат** Күз келіпті дегенше

Жеміс пісті дегейсің

Бағымызда ендеше

Алма теру көбейсін

**Нұржау:** Көбейді құт – береке,  
Астық толы қоймамыз.  
Құтты болсын мереке,  
Алтын күзді тойлаймыз.

**Ғанибек :** Жемісі мол беретін  
Күз дос екен бізбенен  
Бәрін тауып беретін  
Жомарт екен күз деген

**Күз ханшайымы:** Мен бүлдіршіндер сендермен ойын ойнағам келіп отыр.  
ойында жылдамдық керек.

**Ойын:** «Жемістер мен көкөністер»

ойын шарты: Залға 4 шеңбер қойылады. 4 – баланың басына қызанақ, орамжапырақ,  
өрік , жүзім маскаларын кигізеді.

барлық бала командаға бөлінеді. музыкамен билеп тұрғанда музыка тоқтап қалғанда  
әр команда өз шеңберіне барып тұру керек.

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы. біздің аналарамыз қыздарға арнап күздік сән  
үлгілерін тігіп берген еді. Қыздарымыз сән үлгілерін көрсетпекші екен. Ендеше  
«Алтын күз - 2019» топтамасын ортаға шақырамыз. Қарсы аламыз.

**Би: «Жапырақтар»**

**Ән: «Күз жомарт»**

**Күз ханшайымы:** Керемет қандай әдемі .Балалар менің басқа балабақшаға  
баруым керек. мен сендермен қоштасқалы тұрмын.  
келесі кездескенше аманшылық болсын!

**Би: «Орыс биі»**

**Жүргізуші:** Балалар, сендер көкөніс пен жемістерді талғамай көп жеңдер, сонда қыс  
мезгілінде ауырмайсындар. Бірақ, барлығын жуып жеңдер. Ал енді сендердің  
өнерлеріңе көп рахмет! Балалар, «**Күз сыйы**» мерекесі осымен аяқталды. Жомарт күз  
бізге тобымызға сыйлық тастап кетіпті, соны алайық. Өнерлеріңе рахмет!

\* \* \* \* \*

Манғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы «Тенге бөбекжай-бақшасы» МКҚК  
Тәрбиеші Бекгалыева Сантай Худайбердиевна

**Тақырыбы : «Абайла газ қауіпті»**

**Мақсаты:** балаларға өмірлеріне қауіпті үшкір, өткір заттардан, электр приборларынан, тұрмыстық химиялық заттардан, дәрілік заттардан сақтану жолдары туралы мағлұмат беру.

**Дамытушылық:** Газдың қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Газдың алдын алуға балаларды ынталандыру. Білім, білік дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік:** сұрақ-жауап арқылы қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу

**Сабақтың әдісі:** түсіндіру, сұрақ – жауап, талдау.

**Сабақтың түрі:** Тәрбие сағаты.

**Сабақтың көрнекілігі:** дәрілік заттар, кір жуатын заттар, ұшы өткір заттар суреттері, от, майшам, газ суреттері, слайд.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
	<p>– Балалар, жан - жақтарыңа қараңдаршы, қандай әдемі! Терезеге қараңдаршы, күн алтын сәулелерін шашып тұр. Ендеше қане шеңбер жасап тұра қалып қоршаған ортамен амандасып жіберейік.</p> <p>– Армысыз, қайырлы күн!</p> <p>- Армысыз, қайырымды Аспан ата!</p> <p>- Армысыз, мейірімді жер-ана!</p> <p>- Армысыз, шұғылалы Алтын-күн!</p> <p>- Қуанайық, шаттанайық бәріміз!</p> <p>- Күліп шықты күн бүгін!</p> <p>- Бәріміз күндей жарқырайық!</p> <p>- Бәтіміз тату болайық!</p> <p>- Бәріміз дос болайық!</p> <p>Балаларды орындарына отырғызу.</p>	<p>Балалар шаттық шеңберіне тұрады.</p>
	<p>Улы газ – бұл улайтын иіссіз газдар, оларды көзбен көруге немесе иіс арқылы байқау мүмкін емес, және ол адамды бірнеше минуттар ағымында өмірден әкетеді.</p> <p>Улы газ кез келген отының жануынан өндіріледі, мысалы: газ, мұнай, керосин, ағаш немесе көмір.</p> <p>Егер отынды күйдіретің аспаптар күйінде қуатталса және тиісті бейнемен пайдаланылса, онда өндірілген улы газ қауіп төндірмейді.</p> <p>Тыныс алуда ағзаға енген улы газды шығару:</p> <p>4. Қанның оттегіні тасымалдауын төмендетеді;</p> <p>5. Бас миының қайтымсыз бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін;</p>	<p>Балалар мұқият тыңдайды.</p>

	<p>6. Кеуде ауруына және жүректері ауыратын адамдарда жүректің ауруы ұстауына әкеліп соқтыруы мүмкін.</p> <p>Газ баллондарын өз беттеріңізше орнатып, газ құрал – жабдықтарын өз бетіңізше жөндемеңіз. Бұл әрекетіңіз – қайғылы оқиғаға апарып соғуы мүмкін. Газ ошағы. Газ ошағын тек жақсы желдетілген үй-жайда пайдалануға болады. Газ ошағының ішкі қуысының оттығын тұтатарда оның есігін бірнеше рет ашып – жабу арқылы желдету қажет. Газды жағарда алдымен жанып тұрған шырпыны оттыққа жақындатыңыз, сосын шүмекті ашыңыз. Түбі үлкен ыдысты қақпаққа қоярда кең қабырғалы тіреуді пайдалану қажет. Газ ошағын үйді жылыту мақсатында пайдалануға мүлде болмайды. Себебі, желдетілмеген үй-жайдағы көмір қышқылды газдың жиналуы және иісті газдың бөлінуі адам ағзасының улануына апарып соғады. Мөлшерден тыс газбен толтырылған баллон жылы жер де (жылы үйге кіргізіп жылы- тқанда) жарылуы мүмкін. Газ баллонының қақпағы көп қабатты үйлерде газ баллондарын пайдалануға үзілді – кесілді тыйым салынады!</p> <p>Нығыздаушы шығыршықтың жай – күйін үнемі тексеріп отырыңыз. Дұрыс шығыршықта кесілген жарық, кедір – бұдыр сияқты ақаулар болмауы тиіс.</p> <p>Газ құрал – жабдықтарын орнату мен жөндеу кезінде тек тиісті құжаты бар мамандарға ғана рұқсат беріңіз. Газды пайдаланып болғанда газ құрал жабдық-тарындағы және олардың алдындағы шүмектерді жабу керек. Ал ас үйдің ішіне баллондарды орнату кезінде баллондағы қақпақты немесе редуктор жалғаушысын жабу қажет. Дұрыс жанғанда жалын бір қалыпты, көгілдір – жасыл түсте болады. Түтіндіктің жыл сайын тексерілуін қадағалаңыз. Тарту күшінің болмауы газдың толық жанбай, иісті газдың бөлінуіне себеп болады.</p>	
	<p>Қорытындылау</p> <p>Балалар бүгінгі оқу қызметке өте жақсы қатыстындар.</p> <p>-Газдің қауіпті екенін және одан сақтану жолдарын айтып өттік.</p> <p>-газден абай болу керек екен.</p>	<p>Газ өте қауіпті</p> <p>Балалардың жауабы</p>